

## **БЕКЕТ АТА – ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ІЛІМІНІҢ ЖАЛҒАСТЫРУШЫСЫ**

**Айдар Парқұлұлы Әбуов,**

*ҚР Мәдениет министрлігі Діни істер комитеті,*

*Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры.*

*Астана қаласы.*

XIV-XVI ғасырлар аралығындағы Маңғышлақ қарқынды діни ізденістерді басынан өткерген өңір болып табылады. Діни ізденістердің негізін сопылық ілімі құрады. Сопылықтың бастауы ретінде Ислам пайғамбары Мұхаммедтің ғибадатпен айналысу мақсатымен Хира үңгіріне тасалануын көрсетуге болады. Мұхаммед пайғамбардың ол жерде халықтан оқшауланып, нәпсісін тәрбиелеу әдістері оның серіктестері болған сахабаларға, олардан кейінгі ұрпақтарға өтіп отырғандығы туралы түсінік бар. Пайғамбардың мұрагерлері ретінде оның бұл жолын әулиелер ұстанды. IX ғ. бастап әсіресе Түркістан, Иран мен Солтүстік Африкада сопылық көзқарастар кең тарады. Бұл аймақтардағы рухани ізденістердің арта түсуіне XIII ғ. моңғол басқыншылығынан кейін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай ықпал етуші басты фактор ретінде әсер етті.

Бұқара, Самарқанд, Ташкент сияқты Ислам тарихында ғұлама ұлы тұлғаларды тәрбиелеп шығарған қалаларды қамтитын Ферғана алқабынан көптеген сопылар шықты. Ахмет Иасауи, Абдулқадыр Гейлани сынды сопылар Ислам сопылығының захири тариқатын (сыртқы жолын) дамытты [1]. X ғ. сопылық ілімге парсы және түрікмен мұсылмандары зор үлес қосты. Мансұр әл-Халладж сынды араб тектес сопылардың Иран мен Түркістан жерлерінде ұзақ уақыт бойы сопылық ілімді насихаттағандығы белгілі.

Басқа сопылардың халықпен бөлісуді орынсыз деп есептеген сопылық ілімді халық арасында ашық айтудан тартынбаған Мансұр әл-Халладж халықтың түсінбеушілігі салдарынан өлім жазасына кесілген сопы.

Ислам әлемінде сопылық ілімнің дамуына Фудаиль ибн Йаз, Ибраһим Адхам, Бишри Хафи Харис әл-Мухасиб, Джунаид-ы Бағдади, Баязид Бестами, Имам Газали, Шах Нақшбанди, Мухиддин ибн Араби, Мәулана Жалаладдин Руми, Қажы Бекташ Уәли, Юнус Эмре, Абдал Муса сынды ғұламалар үлкен еңбек сіңірді. Дегенмен, олардың насихаттаған сопылық іліміне түркілер мен ирандықтардың Исламға дейінгі наным-сенімдерінің ықпал еткендігі анық.

Сопылық ілімінің төркіні араб тіліндегі тасаввуф терминінен бастау алады. Тасаввуф сөзінің араб тілінің қандай түбірінен шыққандығы даулы

мәселе. «Тазару» деген мағынадағы «сафа», «жүн киген адам» деген мағынадағы «суфи» түбірлері жиі қолданылатын түсіндірмелер болып табылады. Себебі тасаввуф тазару жолы болып табылатындығымен қатар, тасаввуфшылар кедейліктің символы ретінде жүн киім кигендігі дәлел. Сонымен қатар, тасаввуфтың «кешірім сұрап, уайымға бату» деген тағы бір мағынасы бар. Жоғарыдағы мағыналардың қосындысы нәтижесінде тасаввуф (сүфия, суфизм) ұғымы жүректі бұ дүниенің пәни істерінен тыйып, Аллаһ тағалаға деген ғашықтық сезіммен толтыру әдістемесін білдіреді деп айтуға болады. Демек, сопылық ілім дегеніміз Аллаһқа ақыл-оймен емес, жүрек сезімімен жету және соны жеткізу.

Сопылық ілімінің Маңғышлақ түбегінде пайда болуы әдетте XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи ұстаздың есімімен байланысты. Қожа Ахмет Ясауи өз кезеңінің пассионарлық тұлғаларының бірі болған [2]. Қожа Юсуф Хамаданидің үшінші шәкірті, Түркістанның Яссы қаласында жерленген, түркістандықтар тарапынан «Иасауи Ата» деп аталған Қожа Ахмет Иасауи Бұқарада білім алғаннан кейін шейх Арыстан бабтан ілім үйренді.

Арыстан бабтың өсиеті бойынша Бұқара қаласына қайта барып, Юсуф Хамаданидің тәрбиесімен «иршад» («рухани жол көрсетуші») дәрежесіне ие болады. Юсуф Хамаданидің алғашқы екі шәкірті қайтыс болғаннан кейін Бұқара шеңберінде халықты хақ жолына үндеумен айналысты. Біраз уақыттан кейін Аллаһ Тағаладан келген белгі бойынша орнына Абдулхалик Гуждуваниді қалдырып, XII ғасырдың отырықшы және көшпелі мәдениеттерінің қарым-қатынас орталығы болған Яссы қаласына аттанды. Ахмет Иасауи түркі тілдес тайпалардан шыққан әулиелердің «пірі» («дін саласында тәжірибелі адам», «еліктеуге лайықты ұстаз») болып есептеледі [3].

Сопылардың жеке мистикалық тәжірибе негізінде араға делдал салмастан Аллаһты тану жолын ұстануына байланысты XII ғасырда сопылық ілім көптеген мұсылмандар тарапынан қабылданбаған еді. Олардың пікірінше Аллаһ өз сөзін Мұхаммед пайғамбарға сеніп тапсырды, одан басқа ешбір дәруішке сырын ашпайды. Осы көзқарасқа негізделіп олар кейбір сопыларды қуғын-сүргінге ұшыратып, кейбір сопыларды өлім жазасына кесті. Дегенмен, араға уақыт салып, сопылардың тәжірибесі Исламның дінгегіне айналып, көптеген тариқаттар пайда болып, олардың жетекшілері шейхтер ерекше құрметке ие болды [4]. Сопылардың пікірінше шейх өз шәкірті үшін Аллаһтан кешірім немесе көмек сұрау қабілетіне ие тұлға.

Бұл көзқарастың нәтижесінде көшпенділер үшін жеке тәжірибеге негізделген дінді қабылдау мүмкіндігі туындады. Образдар арқылы ойлану қабілетінің жақсы дамығандығына байланысты көшпенділер шындықты, дінді өз беттерінше ұстанып, күнделікті өмірде әулиелігімен көзге түскен уағыздаушылар мен ұстаздардың насихатын ғана қабылдаған.

Халықтың ауыз әдебиеті арқылы бізге жеткен аңыз бойынша Қожа Ахмет Иасауи өзінің даналық асатаяғын Маңғышлақ жаққа қарай лақтырып, оны іздеп табу үшін өз шәкірттерін аттандырған деседі. Көп жылдар бойына созылған ізденістердің нәтижесінде Ахмет Иасауидің шәкірттері тарапынан

табылған асатаяқ жерге тамыр тартып, ағашқа айналған делінеді. Аңыздардағы бұл оқиға сопылық тариқаттың жүйелі түрде өз мәдени борышын жүзеге асыру міндеті төңірегінде өрбиді. Дегенмен, Қожа Ахмет XII ғасырда өмір сүрген болса, оның шәкірттері Маңғышлаққа төрт ғасырдан кейін келе бастаған. Олар туралы мәліметтер жоқтың қасы. Алайда, жергілікті тұрғындар түбекте 360 әулие өмір сүріп, уағыз-насихат жүргізгендігін тілге тиек ете отырып, Маңғышлақты «киелі жер» деп есептейді. Шынында да, аңыздың мазмұнына үңілер болсақ, Маңғышлақ жеріндегі әулиелер саны – Қожа Ахмет Иасауидің сопылық ілімінің қазақ даласында тереңдей тарағандығының айғағы. Маңғыстау жерінде «пір» ретінде құрметтеп-қастерленген пірлердің көптеп болғандығы даусыз. Пірлердің дін саласында терең тәжірибеге ие болуы халық назарында олардың «әулие» («Аллаһтың досы») ретінде құрметтелуіне септігін тигізді. Сондай пірлердің бірі – Қожа Ахмет Иасауи жолын жалғастырған қазақтың әулиесі пір Бекет ата еді.

Әулиелерге табынушылық Ислам дініне тән емес. Исламның тармағы болып табылатын сопылықта әулиелерді пір тұту орын алады. Мәселені терең бойламаушылық халық арасында әулиені пір тұту «құрмет көрсету» мен «табынушылық» ұғымдарының шатасуына жол ашқан болуы мүмкін. Себебі, Ислам дінінде Аллаһтан басқа затқа табынушылық «ширк» (Аллаһқа ортақ қосу) болып есептеледі. «Ширк» жасау адамды «кәпір» («дінсіз») қылады. «Кәпірлік» адамды мұсылмандықтан («діндарлықтан») шығарады. Ал, мұсылман емес адам «сопы» («таза», «жүн киген адам») бола алмайды. Сопылықтың алғашқы шарты – шарифатты ұстану. Ал, шарифат болса, Аллаһтан басқа затқа табынуға тыйым салған.

Бекет Ата Мырзағұлұлы (шамамен 1750-1813) – қазақтың батыры, қолбасшысы, ағартушысы, сәулетшісі, ойшылы болған тұлға. Ел жадында қалған әңгімелерде Бекет ата Жем бойындағы Ақмешітте бала кезін, ал өмірінің соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген. Хорезмде Пақыржан қажыдан білім алған. Біріншіден, ол халықтың тәуелсіздігі жолында жауларға қарсы күреске белсене араласқан батыр. Екіншіден, ғылымның қиын жолымен жүріп өтіп, балаларды білім нәрімен сусындатқан ағартушы. Үшіншіден, ежелгі дәстүр бойынша көптеген елді мекендерде мешіттер мен медреселерге арнап, тау шатқалдарынан ғимараттар салған сәулетші. Төртіншіден, мүсәпірлер мен ауруларға қол үшін берген ерекше дарынды, ойшыл және аса маңызды оқиғаларды болжай білген сәуегей сопы.

Бекет Атаның бұл қасиеттері көзінің тірісінде-ақ ел арасында аңызға айналған. Қалың жауға қарсы қол бастап, қарсы шапқан қаһармандығымен Бекет батыр атанған. Шайқастарда Бекет батырға оның мейрімділік, әділдік сияқты адал қасиеттерінен туындаған бейбітшілікке деген сүйіспеншілігі сүйеу болған. Адам баласына көмектесуді және оларға білім беру, жақсылық жасауды Бекет ата Аллаһтың бұйрығы деп санаған.

Көшпенділер өміріндегі сопылық ғибадаттардың басты мекені жер асты мешіттері болғандығын байқаймыз. Бұл дәстүр Мұхаммед пайғамбардың Аллаһқа жақындау мақсатымен Хира үңгірінде құлшылық жасауын көшпенділер мәдениетінің сүннет ретінде қабылдауынан туындаған болуы керек. Қожа Ахмет Иасауидің өз білімін Бұқарада жетілдіріп, өмірінің бір бөлігін жер астына түсіп, Аллаһқа ғибадат жасаумен хильветте өткізгендігі белгілі [5].

Маңғышлақ түбегіндегі жер асты мешіттерінің пайда болуын түрлі мәдениеттердің өзара қарым-қатынасы барысындағы жергілікті дәстүрлі сенімдердің сабақтаса дамуымен түсіндіруге болады. Бекет атаның Маңғышлақ жерінде жер асты мешіттерін соқтырып, құлшылықпен айналысқандығын осы сабақтастықтың нәтижесі деп білу қажет. «Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген халық сөзінің қалыптасуы осының айғағы. Медина Ислам әлемінің орталығы болған ортағасырларда Түркістан өңірі Ислам мәдениетінің шығыстағы, ал Маңғыстау өңірі Ислам өркениетінің солтүстіктегі шебі болып танылды.

Дүние жүзі мұсылмандары ең әуелі Аллаһтың үйі Меккедегі «Бейтуль-харамға» қажылық парызын орындағаннан кейін Медина қаласындағы Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат етеді. Түркі тілдес халықтардың осы әлемдік ислами дәстүрге ұқсас өзіндік дәстүр қалыптастырғандығы белгілі. Түркі тілдес халықтардың Қожа Ахмет Иасауи кесенесін зиярат етуді Исламдағы қажылық ғибадаты мен Мұхаммед пайғамбар қабірін зиярат етумен сабақтаса жалғастырып отырғанын көзден таса қалдырмаған абзал [6]. Қабірлері Қазақстан жерінде орналасқан, зияратшыларының легі үзілмейтін әулие тұлғалардың алдыңғы қатарына Арыстан баб, Хермет баба, Қарға баба, Лашын баба, Ибрагим ата, Қарашаш ана, Қожа Ахмет Ясауи, Гауһар ана, Әли Қажы, Баб Араб, Домалақ ана, Анар-ана, Айша бибі, Бабаджа хатун, Райымбек ата, Қоманқожа баба, Құлболды баба, Бекет Ата, Рабиға Сұлтан бегім жатады.

Олардың ішіндегі Бекет атаның Жар ішіндегі (Шіркейлі ауылы) қабірін зиярат еткен адамдардың айтуы бойынша үңгірдің маңында қонғандар түстерінде қиын мәселелеріне жауап таба алады. Сондықтан, көпшілік Бекет атаны әулие тұтып, қабіріне түнейді. Іс-әрекеті мен қадір қасиеті аңызға айналған Бекет Ата Маңғыстауда, Оғыландыдағы өз мешітіне жерленген.

Бекет Атаның Үстірт тау етектеріндегі жерасты мешіттері олардың жолы қиын жерлерде орналасуына қарамастан көпшіліктің зиярат ету орындарының қатарында [2].

Бекет Ата ескерткіштері – Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет ата есімімен байланысты жерасты ғимараттарының ортақ атауы. XIX ғасырда Үстіртті топограф Эдуард Эверсман, Александр Дюгамель зерттеген. Эдуард Эверсман: «Үстірттегі таудан үңгіп жасаған мешіттер араб, парсы жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткішті Бекет төрт жерде жасаған. Оның бірі Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда», - дейді [7]. Бекет ата жер асты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан.

Бұл мешіт-медреселерде ол құдайға құлшылық етіп, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім берген. Қазіргі таңда да Бекет Атаның адамдық ақ жолы, әулиелік өсиеттері өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеуде көп септігін тигізіп отыр.

Бекет атаның ерекше даналығы оның даулы мәселелерді шешуінде жатыр. Алдына келген екі жақ нәтижесінде ортақ келісімге келіп, ақиқат жолымен жүруді, әділ болып, жақсылық жасауды оңды деп есептейтін болған. Бекет ата Қазақстанның рухани және тарихи тұлғасы.

Ол қазіргі Қазақстан Республикасының толеранттылық бағытындағы өркениетаралық, мәдениетаралық, конфессияаралық, ұлтаралық диалогтарының кешенді түрде дамуына өз үлесін қосары анық. Бекет Атаның толеранттылығын жас ұрпақтың бойына сіңіре білген қазақ халқын Мұхаммед пайғамбар көрсеткен, Қожа Ахмет Иасауи ұстанған сара жолдың мирасшысы деп есептеуге лайықты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Насыров И.Р. К вопросу о переходе от аскетизма (зухд) раннего ислама к доктринальному суфизму (тасаввуф) // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 22-35.
2. Голованов В. Лики Черной горы // Вокруг Света. – 01.02.2004г. <http://www.kazakh.ru/news/articles/?a=571>
3. Reṣahat // [www.haznevi.net/icerikoku.aspx?KID=134&BID=2](http://www.haznevi.net/icerikoku.aspx?KID=134&BID=2)
4. Ираки М.М. Исламский мистицизм // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 46-55.
5. Камаладдини С.Б. Туркестанский старец и его мистический путь // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 36-45.
6. Жандарбек З.З. Ходжа Ахмет Йасауи и возрождение тюркской государственности // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 163-169.
7. БекетАта Мырзағұлұлы. 18.02.2010  
<http://www.inform.kz/kaz/article/2240006>

*В статье личность просветителя, гуманиста, духовного наставника казахов конца XVIII – начала XIX веков Бекет Ата рассматривается в качестве продолжателя духовного пути Ходжа Ахмеда Ясауи, духовного наставника тюркоязычных народов XII века. Сделана попытка установления исторической связи некоторых аспектов развития суфийского учения на территориях Туркестанского и Мангышлакского регионов средневекового и нового времени. На основе примера пророка Мухаммеда, уединившегося в пещере горы Хира для поклонения Богу,*

*были развиты Туркестанские и Мангышлакские традиции постройки подземных религиозных сооружений.*

*A scholar, humanist and spiritual preacher of Kazakh people in XVIII-XIX cc. Beket Ata is considered as the follower of Hodzha Ahmed Yassau, the spiritual preacher of Turkish people of XII century. The author makes an attempt to establish historical link between middle century and new time on some aspects of developing sofism on Turkistan and Mangyshlak regions. Turkistan and Mangyshlak traditions of underground religious erections developed on the basis of prophet Mohammed's examples who withdrew from people to worship the God in the caves of Hira.*